



Көпбалалы отбасылардың қарызы азайтылады

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайту шаралары туралы» Жарлыққа қол қойды, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Өмірлік қиын жағдайда қалған Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайту жөнінде уақыттылық көмек көрсету мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі екінші деңгейдегі банктердегі және микроқаржы ұйымдарындағы кепілсіз тұтынушылық қарыздары бойынша мынадай жағдайларда:

1) аталған қарыздар бойынша борышкерлер көпбалалы отбасылар, асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты төлем алатын отбасылар, мүгедек балалары бар, 18 жастан асқан, бала жасынан мүгедектер бар отбасылар, атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алатындар, жетім балалар, ата-анасынан кәмелеттік жасқа дейін айырылған, жиырма тоғыз жасқа толмаған, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар;

2) қарыз бойынша жалпы берешегі 2019 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 3 000 000 (үш миллион) теңгеден аспайтын болса;

3) бір қарыз алушыға 2019 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша негізгі борышы мен оған есептелген сыйқандан тұратын өтелетін берешегінің мөлшері 300 000 (үш жүз мың) теңгеден аспайтын болса, оларды өтеу бойынша біржолғы тәртіпте шаралар қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

1) банктерде және микроқаржы ұйымдарында кепілсіз тұтынушылық қарыздары бар Қазақстан Республикасы азаматтарының 2019 жылғы 1 шілдесіндегі жағдай бойынша есептелген айыппұлдары мен өсімшұларын есептен шығару;

2) Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдерімен бірлесіп Осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзіне шектен тыс тәуекелдерді алған қаржы ұйымдарының жауапкершілігін күшейту бойынша:

1) мерзімі өткен берешегі 90 күннен асып кеткен жеке тұлғалардың барлық кепілсіз тұтынушылық қарыздары бойынша кредитті берумен және оған қызмет көрсетумен байланысты тұрақсыздық айыбын, комиссиялар мен өзге де төлемдерді есептеуге тыйым салуды;

2) табысы күнкөріс деңгейінен төмен азаматтарға қарыздар беруге тыйым салуды;

3) кепілсіз тұтынушылық қарыздарды беру кезіндегі реттеудің қосымша шараларын көздейтін реттеушілік сипаттағы қатаң шаралар қабылдасын.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ.ТОҚАЕВ.**
Нұр-Сұлтан, Ақорда,
2019 жылғы 26 маусым № 34



ӨНЕР/2

Халықаралық симпозиум қорытыланды



ТҰЛҒА/3

Жанынан шуақ таратқан



МЕРЕЙ/4

Аудан айнасы абыройлы белесте



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

27 маусым /БЕЙСЕНБІ/ 2019 жыл



№94 (19772)

ИНТЕРНЕТ ФОРУМ



Адами капиталды дамыту табысқа бастайды



Дамыған елдерде ілім іздеп, білімі жетілдіру бірінші орында. Тұңғыш Президенттің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында осыған негіз берілді. Мазмұнды мақалада адами капиталды дамыту мәселесі шет қалмады. Кеше өңірде өткен IV халықаралық интернет форумының да басты тақырыбы осы болды.

Мәлім ҚАЛЫМБЕТ.

«Адами капиталды дамыту: аймақ үшін жаңа тегеуріндер мен мүмкіндіктер» тақырыбындағы шараға ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ақпараттық технологияларды дамыту жөніндегі вице-ректоры Әлия Мұхамеджанова модераторлық етті. Жиында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев осыған дейінгі форумдар өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырып, жаңа жобалардың жүзеге асуына сеп болғанын жеткізді. Сонымен қатар отандық және Ресей, Эстония, Сингапур, Татарстан елдерінен катысып отырған сарапшылардың жұмысына сәттілік тіледі.

— Бұған дейінгі форум жұмыстарында электрондық коммерцияның тиімділігі, цифрландырудың игілігі сөз болды. Сонымен қатар біз «Байқоңырда бизнес жүргізу мүмкін бе?» деген сауалға жауап іздедік. Осының арқасында түрлі бастамаларға дем берілді. Облыста Татарстанның «Барс-Групп» компаниясымен бірлесіп «Электрондық балабақша»

жобасы жүзеге асырылды. Бүгінгі күні жүйе 425 мектепке дейінгі білім беру мекемесіне енгізілді. Сондай-ақ, «Грантелеком» компаниясымен бірге тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындарын оңтайландыруды көздейтін «е-Шаньрақ» зияткерлік ақпараттық жүйесінің пилоттық жобасы іске асырылды. Қазір жүйе 6 көпқабатты үйге енгізілген, жыл соңына дейін оны тағы 170 үйге іске қосу жоспарлануда. Аймақ экономикасын әртараптырау бағытындағы жұмыстар да жемісін беріп келеді. Облыс экономикасының ауқымын кеңейтіп, халықтың әл-ауқатын жақсартатын «Шалқия» кен орны, шыны зауыты, қалыңдандырылған сода мен тапонажды цемент зауыты секілді негізгі өндіріс орындары көбеюде. Сондай-ақ, біз негізгі инвестицияны білім саласына бағыттап отырмыз. Себебі, XXI ғасырдағы әрбір қазақ баласы заман шақыруларына лайын болуы тиіс. Ол үшін Сыр жастарының Мәскеудің, Санкт-Петербургтің рейтингі жоғары, маңдайалды университеттерінде

білім шыңдауына жол ашылды. Тың серпін сыйлаған «Серпін» бағдарламасы бойынша да жастар ел экономикасының келбетін келістіретін, электроника мен нанотехнология, материалтану және материалдар технологиясы секілді заман ауанына қажетті мамандықтарды оқуда. Цифрландыруда нәтиже бар. Жуырда сол жағалаудан IT парк ашылды. Жастар «IT-шелон» жобасы аясында веб-бағдарламалау негіздері мен фронтенд-әзірлемелер бойынша ақысыз негізде оқытылуда. Аткарылған байыпты істердің бір парасы осы. Алға қойылған жоспар көп. Бұл ретте сіздердің әрбір пікіріңіз біз үшін маңызды, — делі аймақ басшысы.

Жиында сандық технологияға көшу бағытындағы бастамалар қай саланы да жандандырамын айтылды. Мұндай қарқын денсаулық сақтау саласында байқалатынын ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Олжас Әбішев атап өтті. Онлайн арқылы орамды ойын ортаға салған Олжас Аманкелдіұлы қазір еліміздегі барлық медициналық ұйымдар кенеші ақпараттық жүйеге қосылғанын алға тартты.

Былдан бастап емханалар мен ауруханалар медициналық құжаттарды цифрлық нұсқада жүргізуге көшкенін, бұл 2020 жылға қарай ел тұрғындарының электронды денсаулық паспорттарын жасауына, кезек күту мәселесін түбегейлі жоюға көмектесетінін жеткізді.

ӘРІПТЕСТІК

Облыс әкімдігінде жаңа тағайындау болды. Басқаран Наир облыс әкімінің қоғамды трансформациялау бойынша штаттан тыс кеңесшісі болып тағайындалды.

Сингапурлық сарапшы — штаттан тыс кеңесші

Басқаран Наир қазіргі уақытта Назарбаев Университеті мемлекеттік саясат Жоғары мектебінің профессоры болып жұмыс істейді. Ол — Сингапур ұлттық университетінің Ли Куан Ю мемлекеттік саясат мектебінің профессоры.



Коммуникация саласының сарапшысы Сингапурдың түрлі секторларында осы салада 30 жылдан астам қызмет атқарған.

Басқаран Наир акциялар бойынша серіктес және коммуникация бойынша халықаралық Нью-Йорк компаниясының бас директоры болған. Компанияда бастапқы жария (IPO) және ірі мәмілелерді іске асыру, акционерлермен қарым-қатынас, инвесторлармен өзара байланыс (M&A) бағдарламаларына басшылық жасады. Сондай-ақ, Сингапур үкіметінің ұлттық әлеуметтік науқандарын басқарды.

«Сингапурдағы қоғаммен байланыс жөніндегі оқулық» (1986); Жаңа медиа бойынша «Басты көшпенді кибер-көшеге дейін: коммуникация тәжірибесіндегі өзгерістер» және «Мемлекеттік саясатты маркетинг» (2018) кітаптарының авторы.

Айта кетейік, Басқаран Наир Қызылорда облысына сапары барысында өңірдің әлеуметтік-мәдени нысандарының қызметімен танысып, жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері үшін стратегиялық коммуникациялар бойынша сабақ өткізді.

Облыс әкімі тағайындау барысында цифрландыру дәуіріне қадам басқан тұста Басқаран Наирдың білім-біліктілігі өңір дамуы үшін маңызды екенін атап өтіп, сәттілік тіледі.

«СБ» ақпарат.

КӘСІП ПЕН НӘСІП

Аралдық кәсіпкер шипажай ашты

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Көктерек кентінде аралдық жеке кәсіпкер Берік Жандәулетов шипажай ашты. Осыған орай жуырда «Ая-Жан & ММ» шипажайының ашылу салтанаты өтіп, шараға Сарыағаш ауданы әкімінің орынбасары Смаил Тасқұлов пен Арал ауданының әкімі Мұхтар Оразбаев қатысты.

— Денсаулық — адамның жұлдыздарының қатысуымен басты байлығы. Қай кезде де адамзаттың ең негізгі құндылығы — өзінің саулығы. Адам саулығына қызмет ететін «Ая-Жан & ММ» шипажайы ел игілігі үшін жұмыс істей берсін, — деп Сарыағаш ауданы әкімінің орынбасары ізгі тілегін жеткізді. Одан әрі салтанатты шара эстрада

«СБ» ақпарат.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ІЗГІ ҚАСИЕТ

Арыс, біз біргеміз!

Арыс қаласында болған оқиға Сыр халқын да бейжай қалдырмады. Алаштың Анасына айналған өңір тұрғындары Арыстағы бауырлардың басына түскен ауыртпалықты бөлісу үшін алғашқылардың бірі болып көмек қолын созды.

Шынар БЕКБАН.

Арыстағы оқиға қандай да бір қиын сәтте жұмыла кететін жұрт екенімізді көрсетті. Апат болған күні-ақ жер-жерде гуманитарлық көмек жинайтын орындар ашылып, жарылыстан зардап шеккендерге азық-түліктер жеткізіле бастады.

Төтенше жағдайға байланысты об-

лыстан 15 тонна күріш, 10 тонна ұн, 1,5 тонна сүт, 5 тонна қарақұмық жарнасы жөнелтілді. Бұл іске облыстағы «Абзал и К» ЖК, «Ақтөбе и К» ЖШС, «Абай Дәулет» ЖШС, «Жан Арай» ЖШС, «Ақжарма 2» ШК, «Жаназол» ЖШС, «Ақжарма и К» ФК, «Ақмая» ШК, «Төңкеріс К» ШК, «Сыр маржаны» және «Түгіскен ТШ» ЖШС ауылшаруашылық

тауар өндірушілері үлкен үлес қосты.

— Бұл — қызылордалықтардың Арыстағы ағайындары үшін бір түн ішінде жинаған гуманитарлық көмегі. Бірақ жұмыс әлі жалғасуда. Облыс әкімі жанынан жедел штаб құрылды, ол зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсетуді ұйымдастырумен айналысады. Сонымен қатар, «Nur Otan» партиясының облыстағы филиалында Арыс тұрғындарына көмек қабылдау пункті ашылды. Алдағы күндері тағы да осындай көмек түрлерін ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бұл қазақ халқының бірлігінің дәлелі, — делі «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Ержан Байтілес.

Одан бөлек, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы жанындағы «Жас Отан» ЖК-ның 20-ға жуық еріктілері Шымкент қаласына жолға шықты. Олар да құралақан кетпеді. «Nur Otan» партиясы облыстық филиалындағы қабылдау бекетіне сырбайлық азаматтардың, соның ішінде жас кәсіпкерлердің қолдауымен жинақталған азық-түлік, киім кешек, көрпе-жастық, гигиеналық заттарды өздерімен бірге ала кетті.

Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдардың 2000-нан астам мемлекеттік қызметшісі жарылыстан зардап шеккендерге бір күндік жалақысын аудармақ.

Осы оқиғаға байланысты тоқтатылған 5 пойыздың 1200 жолаушысына да қажетті жәрдем берілді. Оларға ыстық тамақ пен суын жеткізіліп, 15 жолаушыға медициналық көмек көрсетілді. Сондай-ақ, жолаушыларды жеткізу пункттеріне тасымалдау үшін көлік ұйымдастырылды.

Пойыздар бағытының өзгеруіне байланысты Сексеуіл станциясынан Қызылорда, Түркістан облыстарына баратын 500 жолаушыға арнайы 14 вагондық станцияаралық пойыз бен 6 автобус қызмет көрсетті.

Шнелі станциясынан Алматы қаласына 82 жолаушыны автобуспен, 22 азаматты Луговой, Тараз және Шымкент қалаларына шағын көліктермен жөнелту ұйымдастырылды. Сонымен қатар, Түркістан облысына, Шымкент қаласы аралықтағы жолаушыларды тасымалдау үшін 5 үлкен сыйымдылықтағы автобус жіберілді.

Облыс орталығынан теміржол вокзалында полициялер пойыздағы жолаушыларды қажетті бағыттағы автокөліктерге отырғызып көмек қолын созды. Сондай-ақ, Полиция департаментінің қызметкерлері жарылыстан зардап шеккендерге материалдық көмек беру ұсынысын бірауыздан қолдап, бір күндік жалақыларын аударды.



Адами капиталды дамыту табысқа бастайды

Ал, Татарстан Республикасы, Қазан қаласындағы «Иннополис» университетінің ректоры Александр Тормасов халықаралық масштабтағы оқу ордасының құрылуы мен қалыптасуы, тәжірибесі төңірегінде баяндама жасады.

— Университетте жаңа технологияларға негізделген 4 бағыт бар. Ақпараттық қауіпсіздікке, робототехникаға, жасанды интеллект пен «Big Data» ден қойылған. Студенттер көбіне ТМД елдерінен. Қазір 600-ге жуық білім алушы бар, университет орташа балл бойынша еліміздің техникалық жоғары оқу орындары арасында екінші орында тұр. Жалпы, Иннополис айрықша экономикалық аймақ, ол ғылыми қалашық іспетті, — деді Александр Тормасов.

Спикер жаңа технологияның тек тың мамандықтарды қажет ететінін қаперден шығармауға шақырды. Неміс экономисі Клаус Шваб та төртінші өнеркәсіптік революция жайындағы еңбегінде мұны бірнеше мысалмен келтіргенін еске салды. Бұл тұста Сингапур ұлттық университеті халықаралық бағдарламалық жүйелік ғылымдар институтының басшысы Ашок Кумар үздіксіз білім алу көмекке келетінін 1-бет.

атап өтті. Оның айтуынша, Сингапурда табиғи ресурстар аз. Білік адам капиталды дамытуды жолға қойған және өмір бойы білім алу тұжырымдамасын қолға алған. Цифрлық экономика дәуірінде мемлекеттік қызметшілер де тиісті шеберлікті шындықта курстарына қатысып, арнайы сертификаттаудан өтеді. Себебі, әлем көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатыр. Күні кеше сұраныста болған мамандық бүгін қажет болмай қалуы мүмкін. Әрдайым ізденісте болу — басты дүние. Сингапурлықтар ХХІ ғасырдың сауатсыздығы ізденуге талпынбау, қайта даярлаудан өтпеу деп біледі екен.

Шарада «МИСиС» ҰЗТУ даму жөніндегі директоры Нұрлан Қиясов та пайымды пікірмен бөлісті.

— Кембридж университетінің түлегімін. Бұрын шетте, танымал университетте білім алу қажет деп санайтынмын. Түсінгенім, адамның қайда оқығаны емес, қалай оқығаны маңызды. Қазір түрлі Coursera, edX, Ашық университет секілді тиімді қосымшалар көп. Үйден шықпай-ақ әлемдегі озық профессорлардан білім алуға болады. Бір сөзбен айтқанда, студент университетке емес, университет студентке келетін кез туды. Оқу



орындары мамандандырудың қысқа курстарын енгізуі керек. «Университетте 4 жыл

оқыған адам ғана сапалы білім алады» деген бұрынғы түсінікті қоятын кез жетті.

Статистика бойынша, адам өмірінде орташа есеппен 15 мәрте жұмыс орнын ауыстырады екен. Енді сол адамды робот алмастыратын кез келді. Оның үстіне қазір жаңа мамандықтар пайда болуда. Мобильді қосымшалардың арнайы бағдарламасын жазатын мамандық, әлеуметтік желі менеджерін іздеушілер көп. Бұрын мұндай мамандық болады деген ой үш ұйықтасақ түсімізге кірмейтін. Бұл жастарымызды болашақтың мамандығына баулу керектігін білдіреді, — деді Нұрлан Қиясов.

Нұрлан Муратұлы университетте оқытудың жаңа форматы енгізілгенін де хабарлар етті. Облыстың білім саласындағы негізгі серіктестерінің бірі — «МИСиС» ҰЗТУ енді онлайн-курстарды енгізу арқылы білім беруді әлем бойынша қолжетімді етепек.

Форумда бірнеше елдің өкілдері онлайн режимде қосылып, баяндамаларымен бөлісті. Адами капитал саласындағы сарапшылар өңірдегі жұмыспен қамтудың болашағын, жаңа жағдайдағы жаңа сын-тегеуріндерді талқыға сала отырып, ұсынымдарын жеткізді.

Болашақтың дағдысы бәріміз үшін

Біздің миссиямыз ол — «ештенесі» жоқ кішкентай аралдағы Сингапурды өзгерту. Біз «ештенесі» деген терминді қолданып отырған себебіміз, бұрын бұл жер болмаған еді. Соңғы 50 жылда біздің ЖІӨ 57 мың долларға дейін өсті. Бізде табиғи ресурстар жоқ, тек бір ғана маңызды активіміз бар, ол — адами капитал. Сингапур экономикасын цифрлық экономикаға өзгерту біз үшін өте өзекті мәселеге айналды. Біз цифрлық экономика туралы сөз қозғағанда, оның қиындықтарға толы екенін үнемі айтамыз.

Сингапур экономикасы үшін ауыртпалықтардың бірі жойылған қарапайым мамандықтардың орнына жұмысқа орналастыру болды.

Еңбек рыногындағы технологиялардың өзгеруі басты факторлардың бірі болды. Технологиялар адамдар жұмыс істей алатын позицияларды алмастырды. Біз «Болашақтың дағдылары: сенің дағдың, сенің активің, сенің келешегің» деп аталатын арнайы негіздемелік концепция жасап шығардық, ол мектепте алатын білімнен басталатынын айта кету керек. Біз болашақ еңбек ететін жылдарымызға мектеп қабырғасынан бастап назар ау-



дара бастадық және оқу концепциясын бүкіл өмірімізде, бүкіл еңбек жолымызда қолданамыз. Бүгінгі таңда бүкіл өмір бойы оқып, үнемі жаңа дағдыларға үйрену керек.

Мамандықтар атласын енгізуді ұсынамын

Төртінші өндірістік революция еңбек біржасына үлкен өзгеріс әкелуде. Қазірдің өзінде көп жерде адам күшін технология алмастырды. Жасанды интеллект санадан асып түсіп, робототехника жаңа қарқынмен дамып келеді. Мұндай жағдай тарихта алғаш рет орын алып отыр. Бізге креативті ойлайтын және серпінді инновацияны жасауға қабілетті жаңа мамандарды әзірлеуге ден қойған дұрыс.

Ол үшін алда пайда болатын немесе тұрақты сұранысқа ие болып қала беретін мамандықтарды айқындауға ықпал ететін құралды, яғни атласты шығару қажет. Себебі, кейбір мамандықтар еңбек нарығынан мүлде жоғалып кетуі мүмкін деген қауіп бар. Неге десеңіз, Қазақстанның стратегиялық құжаттарында көрсетілгендей, технологиялық модернизация, индустриялық революция кешенді өзгерістерді алып келді. Біз білім саласында осы дүниені ең бірінші мәселе ретінде көріп, жаңа мамандықтарды анықтау жұмысын қолға алдық. Ірі жұмыс берушілер мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп әдістемелік үйлестіріскен, көсібі бағдарлаудың нық тұжырымдамасын түзуге болатынына сенімдіміз. Ол 9 саланы қамтиды. Барлық мамандықты 3 топқа бөлдіміз. Оларға ескірген мамандықтар, түрленіп жатқан және жаңа мамандықтар кіреді. Атлас қолдануға тиімді мобильді қосымша ретінде ұсынылуы мүмкін. Жақында серіктестерімізбен бірге



осындай мамандықтар атласын пилоттық жоба ретінде Ресей еліне дайындадық. Оның ресми таныстырылымы 4 шілдеге жоспарланған. Мұндай жобаны сіздердің облыста да енгізуді ұсынамын.

ӨНЕР

Халықаралық симпозиум қорытындыланды



С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында халықаралық симпозиумның жұмысы қорытындыланды. Шараға облыс әкімі Қырымбек Кошербаев қатысты.

Әулет ҚЫРДАН.

Аймақ басшысы Сыр елінің өнердегі жетістіктеріне тоқталып, симпозиум қатысушыларын құттықтады. Көркемсурет галереясына жерлесіміз, ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері С.Айтбаевтың есімі берілгенін мәлімдеді.

— Қызылорда — қаймағы бұзылмаған қазақтың, түбі бір түркі мәдениетінің алтын көмбесі, Қазақ Республикасының тұңғыш астанасы. Бұл жерде сан түрлі өнер туындылары көптеп кездеседі. Салихитдин Айтбаев атындағы көркемсурет галереясының қоры өнер туындыларына тола берсін, — деді облыс әкімі.

Дилорам Мамедова симпозиумға көршілес өзбек елінен келген. Сыр табиғатына тамсанған ол салған картиналарының керемет шыққандығына қуанышты. Болашақта мұндай әріптестік жандана түссе дейді.

— Менің бұл шарадан алған әсерім өте зор. Ерекше елді металып, симпозиум қатысушыларын құттықтады. Көркемсурет галереясына жерлесіміз, ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері С.Айтбаевтың есімі берілгенін мәлімдеді.

— Жерлесіміз, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Салихитдин Айтбаевтың атын иемденген галереядағы көрмеге ҚР Суретшілер одағынан 18 сурет әкелінген. Бұл бастаманың басы-қасында одақтың жауапты хатшысы Жамбыл Нәтбаев жүрді.

— Симпозиум өте жоғары деңгейде өтті. Сурет өнері десе ең әуелі Қызылорда ойға оралуы керек. Ойткені, қазақтың Ләтина Қожықовадай талантты суретшісі осы өңірден шыққан.

С.Айтбаевтың өзі — ғасырда бір туатын тұлға. Ең бастысы, облыстың басшысы қолдап, өнерге жанашырлық танытып отырғаны қуантады, — деді ол.

ҚР Суретшілер одағының облыстық филиалы төрағасы Аманкелді Кененбаев мұндағы галереяны әлі де дамыту бағытында айқын мақсат бар екенін айтты. Тарихқа үңілсек, 1928 жылы алғашқы көшпелі көрме де Сыр елінің бас шаһарында өткен. Сондықтан, Қызылорданың бұл бастаманы көтеруі де заңдылық.

— Бұл симпозиум өте жоғары дәрежеде өтті. Мәдениет саласының барлық өкілдері қатысушыларға ерекше көңіл бөліп, мығым бірлік пен ауызбіршілікті, өнерге деген жанашырлықты көрсетті. Симпозиумның болашағы алда. Бұл игі бастаманың бастапқы нәтижесі ғана, — деді А.Кененбаев.

ҚОЛДАУ

Баршамызға белгілі, өткен 24-ші маусымда Арыс қаласында орналасқан әскери бөлімінің қару-жарақ қоймасында төтенше жағдай орын алды. Оқиғаның ортасы жойқын жарылысқа ұласып, жергілікті тұрғындардың ғана емес, тұтастай елдің үрейі алған болатын. Апаттық жағдайдан кейін еліміздің барлық аймақтарынан Арыс халқына үлкен қолдау білдіріп, арнайы гуманитарлық көмек жөнелтілуде.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Аймақ халқы акцияға атсалысты

Бұл оқиғаға Сыр халқы да бейжай қарап қалмай, арнайы автокөруен жасақталып, аймақтағы барлық аудан мен қала жұртшылығы қаржы мен азық-түлік, тұрмысқа қажетті заттардан құралған көмек беріп те үлгерді.

Арыстағы ағайындардың көңіліне демеу болар деген ниетпен облыс пен қала әкімдігіне қарасты барлық бөлімдер мен ұжым қызметкерлері бір күндік жалақысын да аударған.

Сонымен қатар, қала әкімдігінің Б.Шөкенов атындағы саябағында ұйымдастырылған «Қызылордалықтар Арыспен бірге» атты акциясына да тұрғындар қашаннан белсене қатысты. Мұнда зардап шеккендерге көмек мақсатында арнайы жәшік орналастырылған. Келген тұрғындардан бөлек, өнер ұжымдары, мемлекеттік қызметкерлер, мұғалімдер мен дәрігерлер және студенттер де қаржылай қолдауларын қайырымдылық жәшігіне салып жатты.

— Әлімсақтан «арты қайырлы болсын» дейтін қазақтың Арыстағы оқиғаға орай халқымыз тағы да бірлікті, ынтымақты ұстанатынын дәлелдеді. Барлық атсалысып отырған мекемелер мен жеке адамдарға алғысымызды білдіреміз. Елдің тұтастығын, ауызбіршілігін танытатын бұл акцияда сіздердің қайырымды істеріңіз көпке үлгі, кейінгі буынға үлкен тәрбие деп есептеймін. Қызылордалықтар қашаннан жақсылық жасауға жаны құмар жұрт екені көпшілікке мәлім. Бұл қиындықты бірлік жеткенінің дәлелі, — деді қала әкімінің орынбасары Мира Қазбекова.



СЫН СӘТТЕП СӨЗ

Дүйсенбі күні қолымыздағы телефон мен әлеуметтік желілер Арыстан жеткен хабарларға толды. Айдың күнінің аман-да шағын қаланың тұрғындары төбеден төнген тажалдан құтылу үшін бәрін тастап бет-бетіне қашты. Сәт сайын жанарған көріністер көңілді одан сайын күшті етті. Әсіресе, ата-анасынан ажырап қалған балалардың фотосуреттері ешкімді бейжай қалдырмады.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Бақыттың шыңын білесіз бе?

Өрине, ағылған ақпараттардың барлығы бірдей шындыққа жанаспайтынын түсіндік. Жолындағын түгел жайлаған жойқын ағыс тәрізді тасқындаған бұл ақпараттарды ақыл тоқтатқан адам да, асыл мен жасықты айыра алмай жеткізшік те көріп, бір-біріне жолдап жатты. Қазіргі ақпараттық дәуірдің сәні — сенсация мен эксклюзив жас баланың қолындағы өткір пышақ сияқты. Абайлап пайдаланбастан, тиген жерін кесіп түседі.

Жалпы әлеуметтану ғылымында, психологияда сөздің қуаты, ауыздан шыққан сөздің тағдырына әсер ететіні, адамның ниеті туралы зерттеулер жеткілікті. Дегенмен, біз алысқа бармай-ақ ата-бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігіне кедергі келтірген табиғи апаттардың атын тура атамай себебін ойланайықшы? Найзағайды «жай» немесе «жасыл», қасқырды «ит-құс», аурудың атын тураламай «жаман ауру», «қызыл көйлек», түрлі жараларды «шығу» деп айтатын ата-әжелердің тәрбиесін көрдік. Жарықтықтар ағаш пен сымнан мылтық жасап, соғыс ойнаған, құм үйген балаларға «жамандық шақырма» деп ұрысп жүретін. Кешегі жарылыстан бас сауағалаған халықтың жағдайын көріп, соңғы айлардағы халықты бүлікке шақырушылардың қоғамның көңіл-күйін әрі-сәрі еткені еске түсті. Ел аман, жұрт тыныштық жамандық шақырмай, жан-жағымызға мығым болайықшы. Өйткені қиындықтар өткініші, ал тыныштық пен тұрақтылыққа ештеңе жетпейді.

Арыс апаты «Қазақтың басы бірікпейді», «Қазақтың жауы — қазақ» деп сүнкілдеушілерге да сабақ болды. Әрдайым елдікке үндейтін ақын Мұхтар Ниязов желідегі парақшасына «Итімді өзін бөрі келгенде бірігіп кететін елміз ғой. Жәй кезде кейбір көзқарастарымыз сәйкеспей жатқанымен, кешеден бері Арыстағы жұртқа көмек беруге келгенде бір үйдің баласындай болып кеттік. Президенттен бастап қарапайым тұрғындарға дейін сол жерден табылып, барынша қолдау білдіруде. Енді біреу анасын таппай, біреу баласын таппай, біреу үйінен, біреу мүлкінен айырылып, біреулер жұмыстарына қайғырып, қаншама халық қамқонді болып жатқанда әлеуметтік желіде отырып өзінің ергежейлі есебін түгендегісі келіп, ұзына жарымаған саяси сауатты көрсетіп бағушыларға айтарым, бір-екі күн қоя тұрыңыздаршы. Жанашырлық танытып шырылдап жатқан жандарды түсінемін, ал енді орта жолдан салуды төсек, салқын үйде жатып жазылған жазбаларды оқып отыратын кез емес қазір. Қолдан келсе қаржылай, басқалық көмек берейік, болмаса болмайтын мысқыл, қышқық әңгімелерді доғарыңыздар» деп жазды.

Апат болған күні қараңғы түсіп кеткеніне қарамастан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев эвакуациялық пункттегі, ауруханадағы халықпен кездесті. Арыстың апаттан кейінгі ахуалын көзбен көрді. Халыққа басу айтып, үй-күйге алаңдамауға шақырды, барлығын орнына келтіруге уәде берді. Сол күннен бері қазақ жерінің төрт тарабынан шыққан керуендер Шымкентке қарай ағылып жатыр. Олардың қатарында Сыр еліндегі ағайындар жіберген көліктер керуені де діттеген жеріне жетті. Алдағы күндері әр аудан өз қайырымдылық шарасын ұйымдастырмақ. Бауырмалдық пен жанашырлықтың үлгісін көрсеткен жұртшылықты біріктірген белсенділер жер-жерде гуманитарлық пункттер ашып, азық-түлік, киім-кешек қабылдауда. Бауырластың басына қиындық түскенде жұдырықтай жұмылған халықты бір-біріне айдап салып, жау көрсетуге енді ешкімнің күші жетпейтін шығар. Өйткені, бірінші басындағы қиындыққа екінішісі бейжай қарап тұрмайтын адамдардың бойындағы ізгілік ізсіз кетпек емес.

Арыс — тоғыз жолдың торабы болғандықтан, 7 ірі теміржол станциясы — Шымкент, Түркістан, Түлкібас, Тараз, Шу, Шилелі, Қызылордада 20 жол-аулаштық пойыз тоқтады. Облыс әкімі жанынан жедел штаб құрылып, Қызылордада кідірген 5 жол-аулаш пойызындағы 1200 жолаушыға ыстық тамақ пен салқын су тегін таратылды және 15 жолаушыға медициналық көмек көрсетілді. Жолаушылар пойызының бағыты өзгеруіне байланысты Сексеуіл станциясынан Қызылорда, Түркістан облыстарына баратын 500 жолаушыға межеленген жерлеріне жетуі үшін арнайы 14 вагондық станцияаралық пойыз бен 6 автобус қызмет көрсетті. Шилелі станциясынан 82 жолаушыны Алматы қаласына автобуспен, 22 азаматты Луговой, Тараз және Шымкент қалаларына шағын көліктермен жөнелту ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, Түркістан облысына, Шымкент қаласы аралықтағы жолаушыларды тасымалдау үшін 5 үлкен сыйымдылықты автобус жіберілді. Апат айтып келмейді, бірақ ұлымыз ұйымдастырылған жұмыс жолаушыларға жол азабын тартқызады.

Арыс апатының жан ауыртқан тұсы — ата-анасынан көз жазып қалған балалар еді. Қас қарайғанға дейін барлық бала әке-шешесінен қауыспаса екен деп тілекші болдық. Әлеуметтік желілерде іздеу арналары ашылып, бұл іске де желі қолданушылар түгел жұмылды. Өр бала анасымен табысқан сайын сүйінші сұраған хабарларға бірге қуандық. Артына қазырылған хабарлық бала дін-аман екенін айтты. Қазір солтүстік облыстардағы тынығу лагерлері арыстық жеткіншектерді қабылдауға дайын.

Бұл жағдай адамның бас амандығы, жүрек тыныштығына ештеңе тең келмейтінін көрсетті. Аның баладан, баланың анадан айырмалығы — бақыттың шыңы екен. Атам заманғы оқиғаны кейінгілер ғибрат алып деп айтып отыратын үлкендердің ізмен бұл жайтты да ұмытпасмыз деп білдік. Дегенмен, Арыстағы ағайынның кеткені келіп, кемтігі толатын күн алы емес. Бұл ойға қорықпайлауға жұдырықтай жұмылған елдің пейілі, іс басындағы азаматтардың қарекеттері негіз болып отыр. Тұтас ел тілекшілігін танытуда. Көп ұзамай оңтүстіктің берекесі тасыған қаласына бағы бағы қайтадан тұрақтайтынына сенеміз.

